

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРДЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2014 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

Алматы 2014 ж.

Оглавление

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	3
I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	3
1. АКТИВТЕР	3
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	4
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	5
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	6
5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	7
II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	8
1. АКТИВТЕР	8
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	8
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	9
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	10
5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторы 3 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 5 ұйым (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) ретінде берілген.

1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

Банктік емес сектордың құрылымы	1.01.14	1.07.14
Ипотекалық ұйымдардың саны, оның ішінде:	2	3
- жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын ипотекалық ұйымдар	1	1
- ипотекалық ұйымдар	1	2
Ипотекалық ұйымдар өкілдерінің саны	14	14
Банктік емес ұйымдардың саны, оның ішінде:	5	5
<i>Жалғыз акционері агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар</i>	4	4
<i>Ұлттық почта операторы</i>	1	1
Банктік емес ұйымдардың филиалдарының саны	35	35
Банктік емес ұйымдардың өкілдерінің саны, оның ішінде	19	19
<i>Қазақстан Республикасында</i>	17	17
<i>Шетелде</i>	2	2
Банктік емес ұйымдардың еншілес ұйымдарының саны	7	7

I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

1. АКТИВТЕР


2-кесте. Қазақстан Республикасының ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің құрылымы

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %	млрд. теңге	жиынтығын да %	
Ақша	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0%
Ағымдағы шоттар	0,6	0,4	5,4	3,0	9,0 есе
Бағалы қағаздар	20,3	13,2	20,1	11,2	-1,0%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	25,2	16,4	52,4	29,1	2,1 есе
Клиенттерге берілген қарыздар	97,7	63,6	86,6	48,2	-11,4%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,6	3,0	7,3	4,1	58,7%
Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-3,5	-2,3	-3,4	-1,9	-2,9%
Басқа активтер	8,6	5,6	11,3	6,3	31,4%
Активтердің барлығы	153,6	100,0	179,8	100,0	17,1%

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 179,8 млрд. теңге, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 26,2 млрд. теңгеге немесе 17,1%-ға көп.

Жыл басымен салыстырғанда берілген қарыздардың 11,4%-ға, сондай-ақ есепті кезеңде бағалы қағаздар портфелінің 1%-ға азаюы байқалады.

Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымының маңызды үлесін клиенттердің қарызы – 48,2% (86,6 млрд. теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдар – 29,1% (52,4 млрд. теңге), бағалы қағаздар – 11,2% (20,1 млрд. теңге) құрады.



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 86,6 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылдың басында құралған көрсеткіштен 11,1 млрд. теңгеге немесе 11,4%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ берген кредиттері ие болды – 99,5%.

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен сыйақыны қоса алғанда) 0,45%-ды құрады (немесе 398,9 млн. теңге).

Есепті күнге құрылған провизиялар 3,4 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі құрылған провизиялардың үлес салмағы 4%).

3-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің құрылымы

№	Показатели	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
		млн. теңге	жиынтығын -да%	млн. тг	жиынтығын -да%	
1	Қарыздардың баланстық құны, оның ішінде:	97 194	100,0%	86 398	100,0%	-11,1%
2	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар	22	0,0%	10	0,0%	-54,5%
3	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	97 464	100,3%	86 295	99,9%	-11,5%
4	Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	248	0,3%	249	0,3%	0,4%
6	ХҚЕС бойынша провизиялар	-3 454	-3,6%	-3 429	-4,0%	-0,7%
7	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша дисконт	-73	-0,1%	-69	-0,1%	-5,5%
8	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйлықақы	2 985	3,1%	3 342	3,9%	12,0%

4-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы /күні	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
	сомасы млн. теңгемен	жиынтығында%	сомасы млн. теңгемен	жиынтығында%	
Несие портфелінің жиынтығы	97 735	100%	86 554	100%	-11,44%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	20,0	0,02%	38,6	0,04%	93,00%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	9,2	0,01%	37,1	0,04%	4,03 есе
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	11,3	0,01%	28,1	0,03%	2,5 есе
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	357,5	0,37%	286,0	0,33%	-20,00%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жиынтығы	398,1	0,41%	389,8	0,45%	-2,08%
ХҚЕС бойынша провизиялар	3 454	3,53%	3 429	3,96%	-0,72%

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек несие портфелінің 0,04%, 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,04% және 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,03% болды.

Есепті күні негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 2014 жылдың басынан 20%-ға азайып, 286 млн. теңге немесе несие портфелінің 0,33% болды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2014 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 10,2 млрд. теңгеге немесе 8,3%-ға ұлғайды және 2014 жылғы 1 шілде жағдай бойынша 132,8 млрд. теңге болды.


2014 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша 35,7%-ға, басқа кредиторлар бойынша міндеттемелердің ұлғаюы, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар 10%-ға және басқа міндеттемелер 6,2%-ға азаюы байқалды.

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында шығарылған облигациялар түріндегі міндеттемелер (65,3%) басым болады.

5-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Алынған қарыздар	28,3	23,1	28,4	21,4	0,4%
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	78,8	64,3	86,7	65,3	10,0%
Басқа кредиторлар	4,2	3,4	5,7	4,3	35,7%
Басқа міндеттемелер	11,3	9,2	12,0	9,0	6,2%
Міндеттемелердің барлығы	122,6	100,0	132,8	100	8,3%

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымның баланстық меншікті капиталы 47 млрд. теңге, бұл жылдың басында қалыптасқан көрсеткіштен 16 млрд. теңгеге көп.



2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың реттеуші меншікті капиталының мөлшері 52,1 млрд. теңгені құрады. Ал жылдың басында осы көрсеткіш 37,8 млрд. теңгені құрады.

Меншікті капитал жеткіліктілігі	2014 жылғы 1 қаңтар	2014 жылғы 1 шілде
Төленген жарғылық капитал (о.і. қосымша капитал), млрд.теңге	48,1	63,2
Есептік меншікті капитал, млрд.теңге	37,8	52,1
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($\kappa_1 \geq 0,06$)	0,202	0,258

Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($\kappa_{1-2} \geq 0,06$)	0,235	0,294
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($\kappa_{1-3} \geq 0,12$)	0,287	0,330

Есепті күні капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері $\kappa_1 - 0,258$; $\kappa_{1-2} - 0,294$; $\kappa_{1-3} - 0,330$ болды. Бұл ретте, жылдың басына капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері $\kappa_1 - 0,202$; $\kappa_{1-2} - 0,235$; $\kappa_{1-3} - 0,287$ болды.


5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

6-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының кірістілігі

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.07.2013 (млрд. теңге)	01.07.2014 (млрд. теңге)	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	3,6	8,0	2,2 есе
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	4,1	6,2	51,2%
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	0,4	7,4	18,5 есе
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	5,0	8,1	62,0%
Таза кіріс (шығын)	-5,1	1,1	-121,6%

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар 1,1 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

Пайыздық кірістер құрылымында ең көп үлеске клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (65% немесе 5,2 млрд. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты шығыстар (66,1% немесе 4,1 млрд. теңге) ие болды.



II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

1. АКТИВТЕР

8-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің құрылымы


Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары	44,4	7,3	54,2	8,7	22,1
Орналастырылған салымдар	7,6	1,3	12,3	2,0	61,8
Бағалы қағаздар	11,2	1,8	12,3	2,0	9,8
Берілген қарыздар	192,5	31,8	183,8	29,4	-4,5
Қаржылық жалдау	116,2	19,2	133,2	21,3	14,6
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	21,9	3,6	23,9	3,8	9,1
Дебиторлық берешек	86,1	14,2	103,2	16,5	19,9
Басқа активтер	126,0	20,8	102,2	16,3	-18,9
Активтердің барлығы	605,9	100,0	625,1	100,0	3,2

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық активтері жылдың басынан 3,2%-ға ұлғайып, 625,1 млрд. теңге болды.

Жылдың басымен салыстырғанда қаржылық жалдау 21,3%-ға, екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған салымдар 61,8%-ға ұлғайғаны, бағалы қағаздар 9,8%, ақша қаражатының 22,1% және дебиторлық берешек мөлшері 19,9%-ға, бір мезгілде берілген қарыздардың мөлшері 4,5%-ға, сондай-ақ басқа активтердің 18,9%-ға тиісінше азайғаны байқалады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар – 29,4% (183,8 млрд. теңге), қаржылық жалдау – 21,3% (133,2 млрд. теңге), дебиторлық берешек – 16,5% (103,2 млрд. теңге), ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары – 8,7% (54,2 млрд. теңге) болды.

5-график. Банктік емес ұйымдардың активтері мен несие портфелінің динамикасы



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфелі (қаржылық жалдауды ескергенде) 317 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылдың басында болған көрсеткіштен 8,3 млрд. теңгеге немесе 2,7%-ға көп.

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен берешекті қоса алғанда) 17,3% (немесе 54,7 млрд. теңге), оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 15,7% (немесе 49,8 млрд. теңге) болды.

Есепті күні қалыптастырылған провизиялардың сомасы 40 млрд. теңге (банктік емес ұйымдардың несиелік портфелінде қалыптастырылған провизиялардың үлесті салмағы 12,6%-құрады).

Таблица 9. Качество ссудного портфеля небанковских организаций

Көрсеткіштің атауы / күні	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Несие портфелінің жиынтығы	308,7	100	317,0	100	2,7
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	1,5	0,5	1,8	0,6	20,0
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	2,4	0,8	1,5	0,5	-37,5
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	0,6	0,2	1,7	0,5	2,8 есе
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	39	12,6	49,8	15,7	27,7
Негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жиынтығы	43,4	14,1	54,7	17,3	26,0
ХҚЕС бойынша провизиялар	34	11,0	40,0	12,6	17,6

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек несиелік портфелінің 0,6%, 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,5% және 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,5% болды.

Есепті күні негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек жылдың басынан 27,7%-ға ұлғайып, 49,8 млрд. теңге немесе несиелік портфелінің 15,7% болды.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес несиелік портфелі бойынша қалыптасқан провизиялар (резервтер) 40 млрд. теңге болды немесе банктік емес ұйымдардың жиынтық несиелік портфелінің 12,6% құрады және 2014 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 17,6%-ға ұлғайды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2014 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 4 млрд. теңгеге немесе 1,2%-ға ұлғайды және 2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 343,8 млрд. теңге болды.

Жылдың басымен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында бір мезгілде алынған қарыздар 4,5%-ға азайуымен, басқа кредиторлық берешектің 18,1%-ға, тартылған салымдар 33,1%-ға және басқа міндеттемелер 37,6%-ға ұлғаюы байқалды.

Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздар түріндегі міндеттемелер (66,2%) басым болады.

10-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.2014		01.07.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Тартылған салымдар	17,8	5,2	23,7	6,9	33,1
Алынған қарыздар	238,4	70,2	227,7	66,2	-4,5

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	51,2	15,1	51,2	14,9	0,0
Кредиторлық берешек	16,6	4,9	19,6	5,7	18,1
Басқа міндеттемелер	15,7	4,6	21,6	6,3	37,6
Міндеттемелердің барлығы	339,8	100,0	343,8	100,0	1,2


7-график. Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 281,4 млрд. теңге, бұл 2014 жылғы 1 қаңтардағы қалыптасқан көрсеткіштен 15,3 млрд. теңгеге немесе 5,7%-ға көп.

8-график. Банктік емес ұйымдардың меншікті капиталының құрылымы



11-кесте. Меншікті капитал жеткіліктілігі

Ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының меншікті капитал жеткіліктілігі	01.01.2014	01.07.2014
1	2	3
Төленген жарғылық капитал, млрд. теңге	229,1	244,6
Есептік меншікті капитал, млрд.теңге	234,8	247,4
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1)	2,056	2,029
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-2)	2,877	3,702
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-3)	2,352	2,648

Ұлттық почта операторының меншікті капитал жеткіліктілігі		
Меншікті капитал, млн. теңге	10 796	11 156
Меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті	0,218	0,193
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,470	0,471

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының реттеуші меншікті капиталының мөлшері 247,4 млрд. теңге болды. Ал жылдың басында осындай көрсеткіш 234,8 млрд. теңге болған.

Есепті күні капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері к1 – 2,029; к1-2 – 3,702; к1-3 – 2,648 болды. Бұл ретте, жылдың басында капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері к1 – 2,056; к1-2 – 2,877; к1-3 – 2,352 болған.

Есепті күні ұлттық почта операторының меншікті капиталының мөлшері 11 156 млн. теңге болды, ал жылдың басында оның мәні 10 796 млн. теңге болған.

Есепті күні меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті 0,193, ағымдағы өтімділік коэффициенті 0,471.

5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

12-кесте. Банктік емес ұйымдардың кірістілігі

Банктік емес ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.07.2013 млрд. теңге	01.07.2014 млрд. теңге	Өсімі, %-бен
Кірістер жиынтығы, о.і.	49,5	58,0	17,2
Сыйақы алумен байланысты кірістер	13,3	17,3	30,1
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	0,7	0,8	14,3
Басқа кірістер	35,5	39,8	12,1
Шығыстар жиынтығы, о.і.	43,2	48,4	12,0
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	8,2	10,0	22,0
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	0,0	0,0	0,5
Басқа шығыстар	34,9	38,4	10,0
Резервке аударылғанға дейінгі пайда (шығын)	6,1	9,0	47,5
Операциялар бойынша болатын залалға резервтер (резервтерді қалпына келтіру)	3,1	5,7	83,9
Корпоративтік табыс салығы төленгеннен кейінгі таза пайда (шығын)	2,8	2,0	-28,6
Таза кіріс (шығын)	2,8	2,0	-28,6

Пайыздық кірістер құрылымында ең көп үлеске өзге кірістер (68,6% немесе 39,8 млрд. теңге), берілген қарыздар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (29,8% немесе 17,3 млрд. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – басқа шығыстар (79,3% немесе 38,4 млрд. теңге) алынған қарыздар бойынша сыйақы алумен байланысты шығыстар (20,7% немесе 10 млрд. теңге) ие болды.

2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдар 2 млрд. теңге мөлшерінде пайда алды.

10-график. Банктік емес ұйымдардың пайдасы (шығыны), млрд. теңгемен

